"АЭРОПОРТ ШЫМКЕНТ"
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
"АЭРОПОРТ ШЫМКЕНТ"

JOINT-STOCK SOCIETY "AIRPORT SHYMKENT"

Қазақстан Республикасы, 160020, Шымкент қ., Аэропорт
Тел.: 8 (7252) 45-50-30, 8 (7252) 45-50-33
Факс: 8 (7252) 45-50-30+1115
E-mail: Shymkent@airserver.kz
РНН: 582300001763

Республика Казахстан, 160020, г. Шымкент, Аэропорт
Тел.: 8 (7252) 45-50-30, 8 (7252) 45-50-33
Факс: 8 (7252) 45-50-30+1115
E-mail: Shymkent@airserver.kz
РНН: 582300001763

# «Шымкент әуежайы» АҚ қауіпсіздік саясаты

Ұшулар қауіпсіздігінің басқару жүйесі біздің негізгі басқарушылық жүйеміз болып табылады және қауіпсіздік саласына үздік әлем тәжірибелерін және стандарттарын енгізу арқылы кәсіпорынымызда ұшулар қауіпсіздігінің деңгейін тұрақты арттыру үшін бағытталған, ол өз кезегінде біздің клиенттер және болашақ серіктестер арасында сенімділікті қалыптастырады және өндірістік пен іскерлік жетістігіміздің өмірлік маңызды негізін салады. Біз барлық авиациялық қызметімізге ұшулар қауіпсіздігінің басқару жүйесін таратуды қамтамасыз етеміз.

Басқарма төрағасынан бастап барлық деңгейдегі басшылық және барлық қызметкерлер ұшулар қауіпсіздігі жоғары деңгейінің жетістігіне жауапты болады.

Біз өзімізге келесі міндеттемелер аламыз:

барлық тиісті ресурстарды бөлу арқылы ұшулар қауіпсіздігін басқаруды **жүзеге асыруға**;

ұшулар қауіпсіздігі саясатын жүзеге асыру және ұстану үшін жеткілікті білікті ресурстардың болуын **қамтамасыз етуге**;

«Шымкент әуежайы» АҚ-та тәуекелдерді жою немесе мүмкіндігінше ең аз деңгейге дейін азайту мақсатында қауіпті факторларды анықтау үдерістерін қолдануға және **әзірлеуге**;

қауіпсіздіктің ашық және айқын мәдениетін **қолдауға**;

егер хабарлама заңсыз әрекеттерді, дөрекі немқұрайлықты немесе қағидалар мен рәсімдердің алдын ала немесе қаскүнемдікпен бұзылуын негізсіз емес көрсететін жағдайларды қоспағанда, қауіпсіздік факторлар туралы деректерді ұсыну жүйесі арқылы ұшу қауіпсіздігінің проблемасы туралы хабарлаған қызметкерге қандай да бір ықпал ету шараларын қабылдаудан қорғауға **кепілдік беруге;**

құқықтық және нормативтік талаптарды және стандарттарды мүмкіндігінше асыруға және **сақтауға**;

«Шымкент әуежайы» АҚ барлық қызметкерлеріне ұшу қауіпсіздігі бойынша дәлме-дәл және тиісті ақпаратты, атқаратын міндеттерімен өлшемдес қажетті біліктілікті қамтамасыз ету үшін тиісті дайындықты ұсынуға **кепілдік беруге**;

ұсынған шындық мақсаттармен салыстарғанда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімділігін жүйелі түрде бағалауды **өткізуге**;

ұшу қауіпсіздігі саласында тиісті және ықпалды шараларды қабылдауды қамтамасыз ететін басқарушылық үдерістер арқылы әуежайдың ұшулар қауіпсіздігінің басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге және **қолдауға**;

біздің өндірістік операцияларды қамтамасыз ету үшін сыртқы көздерден ұсынылатын жүйелер мен қызметтердің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету стандартарына сәйкес келуіне **кепілдік беруге.**

Осы саясаттан кез келген ауытқушылықтар тиісті түрде бекітілуге, ал осымен байланысты үдерістер мен рәсімдеріміз нақты анықталуға тиіс.

**Басқарма төрағасы**

**2015 жылғы** 08.12

EQA
UKAS QUALITY MANAGEMENT
000790